

Тамақтану сапасын мерзімдік бағалау бракераж комиссиясы
Хаттама №3

24.11.2025 жылы тамақтың сапасын мерзімдік қадағалау комиссиясы кеңесінің отырысы болып өтті.

Комиссия құрамы:

1. Б.Епенова - комиссия төрайымы, мектеп директоры;
2. Б.Бермаганбетова – комиссия мүшесі, ДШЖО
3. Р.Бесбаева – комиссия мүшесі, мектеп медбикесі;
4. С.Сағынғалиева – комиссия мүшесі, әлеуметтік педагог;
5. Ж.Сугирова – комиссия мүшесі, ДОІЖО;
6. С.Надирбаева – комиссия мүшесі, ата-ана;
7. Л.Шалбарбаева – комиссия мүшесі, ДТІЖО

Қатысқаны: 5 адам

Күн тәртібінде:

1. Астарды тоңазытқыштарда, қоймаларда, мұздатқыш камераларда сақтаудың температуралық-ылғалдылық режимін қадағалау.
2. Тамақтанудың табиғи нормаларын сақтау.
3. Бір мезгіл тегін ыстық тамақтың уақытылы берілісі

Тыңдалды:

1. Астарды тоңазытқыштарда, қоймаларда, мұздатқыш камераларда сақтаудың температуралық-ылғалдылық режимін қадағалау және тамақтанудың табиғи нормаларын сақтау мәселелері бойынша мектеп медбикесі Р.Бесбаева қысқаша тоқталып, ережелерімен таныстырып өтті.
2. Ай сайынғы ыстық тамақты тексеру қорытындысы бойынша қанағатандырарлық деп баға берілді. Мониторинг қорытындысы бойынша С.Сағынғалиева айтып өтті.

Сөйлеу:

1. Медбике Р.Бесбаева: Мектеп асханасының ұйымдастырылуы, тамақ берілісі, тазалығы жақсы. Келген тамақтар тоңазытқыштар мен мұздатқыштарда сақталады. Барлық режимі нормаға сай. Күн сайын бақылап тұрамын.
2. Аспаз Ж.Дабысова: Балалар асхананға уақытымен келіп, тамақтанады. Ата-анадан ешқандай арыз-шағым түспейді. Тамақ ас мәзіріне сай дайындалады. Ас мәзірінде зиянды тағамдар жоқ.
3. Бастауыш сыныптар 2 қоңырауда кезекпен кезек келіп уақытылы тамақтанады. Сынып жетекшілері бірге келіп, бақылау жасайды.

Қаулы:

Мектебінің тамақтану сапасын мерзімдік бағалау бракераж комиссиясының отырысы болып өтті. Күн тәртібіндегі мәселелер талқыланып, қаулы етеді:

1. Комиссия есебі қанағаттандырарлық деп есептелсін.
2. Тамақтанудың табиғи нормаларын сақтау, тазалықты қадағалау комиссия мүшелеріне міндеттелсін.

Жиналыс төрайымы:

Б.Епенова
Б.Епенова

Жиналыс хатшысы:

С.Сағынғалиева
С.Сағынғалиева